

"Ауыл шаруашылығы субъектілеріне жергілікті деңгейде бюджеттік несие беру Ережесін бекіту" туралы

Күші жойған

Атырау облысы әкімінің 2002 жылғы 8 қазандағы N 492 шешімі. Атырау облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 13 қарашада N 1195 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімінің 2009 жылғы 30 наурыздағы N 15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімінің 2009.03.30 N 15 шешімімен .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 ақпандағы N 175 "Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған Бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспарын бекіту туралы" қаулысын орындау үшін және облыс әкімдігінің 2001 жылғы 25 маусымдағы N 8 "2001-2005 жылдардағы ауылды әлеуметтік-экономикалық дамытудың Облыстық Бағдарламасы және оны жүзеге асыру шаралар жоспары туралы" қаулысын жүзеге асыру мақсатында шешім етемін:

1. Ауыл шаруашылығы субъектілеріне "Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелеу" бағдарламасы бойынша жергілікті деңгейде бюджеттік несие беру Ережесі (жалғанды).

2. "Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелеу" бағдарламасының әкімгері болып облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы (Қ. Арыстанов) белгіленсін. (алға қарай - бағдарлама әкімгері).

3. Бағдарлама әкімгері - бөлінген несиелік қаржылардың мақсатты жұмсалуды және тиімді пайдалануды бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Облыстық қаржы басқармасы (Б.Жантеміров) бағдарлама әкімгерінің өтінімдеріне сәйкес "Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелеу" бағдарламасын 2002 жылға облыстық бюджетте қаралған қаржы шегінде қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Облыс әкімінің 2001 жылғы 5 маусымдағы N 207 "2001 жылы ауыл шаруашылығы субъектілеріне жергілікті деңгейде бюджеттік несие беру Ережелерін бекіту туралы" және 2001 жылғы 25 сәуірдегі N 160 "Атырау облысында бюджеттік несиелеуді жүзеге асыру туралы" шешімдерінің күші жойылды деп есептелсін.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Қ. Ищановқа жүктелсін.

Облыс әкімі

" Б е к і т і л г е н "

Облыс әкімінің 2002 жылдың
08.10.2002 ж. N 492 шешімімен

Ауыл шаруашылығы субъектілеріне жергілікті деңгейде бюджеттік несиелер беру Ережесі

Осы Ереже Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 357-1 " Бюджет жүйесі туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" қаулыларына сәйкес әзірленген және 10 1 257 82 00 "Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелеу" бағдарламасы бойынша бюджеттік несиелер беру тәртібі мен шарттарын белгілейді.

1. Жалпы шарттар

1. Осы Ережеде мынадай түсініктер пайдаланылады:
несие беруші - жергілікті атқарушы орган;
бюджеттік несиелеу - мерзімділік, ақылық және қайтарымдылық жағдайларында облыстық бюджеттен несиелеу берушілер ұсынатын ақшалар;
заемшы - банк-заемшы немесе түпкі заемшы;
банк-заемшы - ұлттық Банктің тізбесінде көрсетілген және банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы ұлттық Банкінің лицензиясы бар, түпкі заемшыларды одан әрі несиелеу үшін бюджеттік несиелеу алатын екінші деңгейдегі банк;
түпкі заемшы - банк-заемшы арқылы бюджеттік несиелеу алатын заңды немесе жеке тұлға - ауыл шаруашылығы субъектісі;
бағдарлама әкімгері - облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы;
бюджеттік несиелеу бойынша берешек - белгілі бір күнге бюджеттік несиені өтеу және оған қызмет көрсету кестесіне сәйкес түпкі заемшының төлемеген төлемдер с о м а с ы .

Қайтарымды негізде бюджеттен жеке және заңды тұлғаларды (бұдан әрі - несиелеу алушылар) қаржыландыру үшін тағайындалған бюджеттік бағдарламалар бойынша төртінші топтық міндеттемелерін тіркеу үшін облыс әкімінің шешімі негізінде банктер - қатысушылар:

несие беруші және банк-заемшы;
банк-заемшы және түпкі заемшы арасындағы конкурстың нәтижелері
б о й ы н ш а ш а р т ж а с а л а д ы .

Бюджеттік несие беру оларды түпкі заемшыға кейіннен бере отырып
банк-заемшыға бюджеттік несие беру жолымен жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы органдар несиелерін банк-заемшыға беру жөніндегі
рәсімдер осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Жергілікті бюджет ақшаларының есебінен бюджеттік несиелер беру туралы
шарттар (келісімдер) жасасу жергілікті атқарушы орган атынан әкім немесе оның
а у ы с т ы р у ш ы с ы жүзеге асырады .

несие беруші мен несие алушы арасындағы шарттар мыналар:
шарт бойынша міндеттеменің қатысушылары - несие беруші және несие
а л у ш ы ;

толық атауы, салық төлеушінің тіркеу номері (СТН) және тараптардың
м е к е н - ж а й ы ;

бюджеттік бағдарламаның атауы;
шарт жасасудың мақсаты;
ақшалай міндеттеменің (несиенің) мөлшері;
н е с и е в а л ю т а с ы ;
н е с и е б е р у н ы с а н ы ;
с ы й а қ ы с т а в к а с ы ;
борыштың негізгі сомасын өтеу мерзімі;
борыштың негізгі сомасын өтеу және сыйақы кестесі;
несие алушының міндеттемені мерзімінен бұрын пайдалану мүмкіндігі
т у р а л ы ;

несие қайтарымдылығын қамтамасыз ету;
борыштың негізгі сомасын өтеу және сыйақы төлеу жөніндегі жеңілдік
к е з е ң і н і ң б о л у ы (б о л м а у ы);

несиені қамтамасыз ету (кепіл түрі);
тараптардың шарт талаптарын орындау жауапкершілігі;
тараптар шарт талаптарын орындамаған кездегі іс-әрекеттер және екінші
тараппен айыппұл мен шарттардың өсімін есепке алуы ескеріледі.

Б ұ л р е т т е :

бюджеттік бағдарламаның атауы, шарт жасасудың мақсаты, ақшалай
міндеттемелердің (несиенің) мөлшері төлқұжатқа сәйкес көрсетіледі;

несие валютасы ұлттық валютада айқындалады;
несие беру нысаны төлемдерді жүзеге асыру тәсіліне және тәртібіне тәуелді
б о л а д ы ;

бюджеттік несиелер сыйақының тіркелмеген (құбылмалы) және тіркелген

- 1) несие беруші мен банк-заемшы арасында;
- 2) банк-заемшы мен түпкі заемшы арасында.

7. Бюджеттік несиелер берілу нысанына қарай мыналарға бөлінеді:

1) бюджеттік несиенің барлық сомасының түпкі заемшының есепшотына бір жолғы аударылатын немесе оның төлем құжаттарын бір жолғы өтеу арқылы берілетін мерзімді жедел несиелер;

2) несиелік желілер - аудару кестесіне сәйкес заемшының шотына бюджеттік несие сомасын кезеңдік аудару арқылы берілетін несие не оның төлем құжаттарын біржолғы төлеу болып бөлінеді.

8. Беру мерзіміне қарай бюджеттік несиелер мыналарға бөлінеді:

1) қысқа мерзімдік - 1 жылға дейінгі мерзімдегі несиелер;

2) орташа мерзімді - 1 жылдан артық, бірақ 3 жылдан аспайтын мерзімдегі несиелер ;

3) заң мерзімдік несие - 3 жылдан артық мерзімдегі несиелер.

9. Бюджеттік несие конкурстық негізде таңдалған банк-заемшыға ұлттық валютамен белгіленген бағамен жылдық 0,01 пайыз сыйақы белгіленген мөлшерлемесімен беріледі.

Бағдарлама әкімгерінің шешімі бойынша конкурс осы Ережеде анықталған бюджеттік несиелеудің жеке бағыттарда түрлі мерзімде өткізілуі мүмкін.

10. Бюджеттік несиелендірудің негізгі шарттары:

1) несиелерді бюджеттік бағдарламада көзделген мақсаттарға бағыттау;

2) қарыз алушылардың бюджеттік несиелеу кезінде қойылатын талаптарды сақтауы ;

3) несие берудің бюджеттік несиелеу үшін белгіленген нысанын пайдалану;

4) несиелердің қайтарылуын қамтамасыз ету.

11. Басым бағыттары бойынша бюджеттік несиелер мына мерзімдерге беріледі :

1) көтерме-сауда дайындау желілерін дамытуға - 2 жылға;

2) ауылшаруашылығы өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарды дамытуға - 4 жылға ;

3) ауыл шаруашылығы малдарын қолдан ұрықтандыру пункттерін құруға - 3 жылға ;

4) бар шаруашылықтарды кеңейту және құру үшін өнімді мал сатып алу мен өсіруге - 3 жылға ;

5) шұбат өндірісін, түйе шаруашылығын дамытуға - 4 жылға;

6) теплица шаруашылығын дамытуға - 3 жылға;

7) лизингілік негізде ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға - 7 жылға;

8) машина-технологиялық стансалары мен сервистік қызметтер көрсету пункттерін дамытуға - 5 жылға .

12. Лизингілік негізде несие беру міндетті түрде Қазақстан Республикасының "Қаржы лизингі туралы" Заңының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 наурыздағы N 289 "Лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етуді несиелендіру" Ережелерін бекіту туралы" қаулыларына сәйкес жүргізіледі және оның мынадай ерекшеліктері белгіленеді:

1) лизингтің құнын мерзімінен бұрын ішінара өтеген жағдайда, екі жақ арасында кепілдік келісім-шарты өтелген қайтарым сомасының есебімен қ а й т а д а н ж а с а л у ы м ү м к і н ;

2) лизингілік несиенің берілуі түпкі заемшының, оның қаржылық тұрақтылығы және жаңадан алатын несие сомасын өтеуге кепілдік мүлкімен қамтамасыз етілген жағдайда, лизингтің каникул мерзімі ішінде 82 "Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелеу" бағдарламасы бойынша басқа несиелер түрлерін алуына кедергі болмайды;

3) лизингілік несиені бөлу кезінде пайда болған ерекше жағдайлар банк-заемшы мен түпкі заемшы арасындағы несие келісім шартында көрсетілуі қажет.

4. Банк-заемшыға бюджеттік несие беру тәртібі мен шарттары

13. Бағдарлама әкімгері банк-заемшыға қойылатын талаптарды анықтайды.

Банк-заемшыға қойылатын негізгі талаптар:

1) республикалық және жергілікті бюджет есебінен бұрын алынған несиелер бойынша қ а р ы з д а р д ы ң б о л м а у ы ;

2) конкурс алдында соңғы үш айдың ішінде Қазақстан Республикасы ұлттық Банкінің пруденциялық нормативтерінің сақталуы;

3) Қазақстан Республикасы ұлттық Банкі белгілеген жарғылық және жеке капиталының төменгі мөлшер шегінің сақталуы;

4) бюджеттік несиені мезгілінде қайтарудың тиісінше қамтамасыз етілуі.

14. Бағдарлама әкімгері екінші деңгейдегі банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған Қазақстан ұлттық Банкі берген лицензиясы бар ұйымдар (бұдан әрі - қатысушы-банктер) бойынша сұрауды "Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелеу" бюджеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде несиелерді алу үшін олардың арасында конкурс өткізу үшін қойылатын талаптарды қоса Қазақстан Республикасының ұ л т т ы қ Б а н к і н е ж о л д а й д ы .

15. Бағдарлама әкімгері тізбеге сәйкес өтініш білдірген мерзімін көрсете отырып бюджеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде олардың несие алулары үшін Қазақстан Республикасы ұлттық Банкінің оң қорытындысы бар қатысушы-банктер арасында конкурс жариялайды.

16. Бағдарлама әкімгері белгілеген конкурс өткізу мерзімінде қатысушы-банктер конкурстың шарттарына сәйкестігін растайтын және бюджеттік несиелерді алу мен бюджеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде түпкі заемшыға олардың несие беруін жүзеге асыру шарттары бойынша ұсыныстары бар құжаттарды қоса конкурсқа қатысу үшін өтініш береді.

17. Конкурсқа қатысуға жіберілген қатынасшы-банктер ішінен банк-заемшылар құжаттарын қарау және іріктеу үшін бағдарлама әкімгері конкурстық комиссия құрады.

Конкурстық комиссия бюджеттік бағдарламаның орындалуын және бюджеттік қаражаттың үнемделуін қамтамасыз ететін жеткілікті несиелендіру мақсатында қатысушы-банктер өтініштерін қарайды және оларды:

1) бюджеттік несиелендіруге байланысты шығынның ең төмендігі деңгейіне;

2) сапаны қамтамасыз ету (көлем, нысан, өтімділік);

3) банктердің қарыз портфелінің сапасы;

4) банктің жеке қаражатының көлемі;

5) банктердің несиелендіру саласындағы жұмыс тәжірибесіне негіздей отырып іріктейді.

18. Бағдарлама әкімгері конкурстық қорытындысы бойынша белгіленген тәртіппен банк-заемшыны анықтау, іске асырылудағы бюджеттік бағдарламаның оның қатысу шарты және деңгейі туралы облыс әкімиятының қаулысының жобасын ұсынады.

19. Облыс әкімиятының қаулысы негізінде жергілікті атқарушы орган несие беруші банк-заемшымен бірігіп, қажет жағдайда бюджеттік бағдарлама әкімгерінің қатысуымен бюджеттік несиелеу бағыты бойынша бекітілген жылдық сома шегінде несиелік келісімдер мен онымен байланысты құжаттардың (кепіл, кепілдік туралы шарт, төлемдердің кестесі және басқалар) жасалуын жүргізеді.

Несие беруші теріс шешім қабылдаған жағдайда бағдарлама әкімгері қайта конкурс өткізуді ұйымдастырады.

20. Жасалған несиелік келісім-шарты, келісім жасалған күннен бастап үш күн ішінде несие беруші және бағдарлама әкімгерімен тіркеуге жатады. Жергілікті бюджетті нақтылау нәтижесінде жылдық несие сомасы өзгерген жағдайда, сонымен бірге келісім шарттың мерзімін ұзарту қажеттілігі туындағанда, екі жақтың келісімі бойынша несие келісімге қосымша келісім-шарт жасалуы мүмкін, ол да белгіленген тәртіпте тіркеуге жатады.

21. Несиелік шарттар және несие беруші мен банк-заемшы арасындағы міндеттемелер тіркелгеннен кейін төлемдер төлеу несие берушінің банк-заемшылардан қаражат алу туралы өтінімі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдесіндегі N 832 қаулысының 11 қосымшасына

сәйкес нысан бойынша бюджеттік бағдарлама әкімгерінің өтінімі негізінде жүзеге асырылады.

22. Банк-заемшы несие берушінің алдында толық жауапкершілікте болады және түпкі заемшымен өзара есептесу жағдайына қарамастан бекітілген Банктің корреспонденттік есеп-шотына қаржы түсу кестесіне сәйкес жобаны несиелеуде қарыз қоры ретінде пайдаланылатын бюджеттік қаржының қайтарылымына өзінің кепілін береді.

Банк-заемшы бас банкісімен келісілген мөлшерлемесімен, жобаны қаржыландыруға өзінің несиелік қорлары үлесін қосымша беруге құқылы.

23. Тараптардың бюджеттік несиелендіру кезінде туындаған барлық даулары мен пікір қайшылықтары жасалған несиелік шарттардың талаптарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

24. - алынып тасталды - Атырау облысы әкімиятының 27.02.2004 N 20 шешімімен .

25. Несие келісім шарты бұзылған жағдайда бағдарлама әкімгері несие берушінің келісімімен игерілмеген бюджеттік қаржыны қайта бөледі, сол кезде банк-заемшымен қосымша келісім жасалуы тиіс.

26. Банк-заемшы мен түпкі заемшы арасындағы несие келісім шарты тіркелгеннен кейін, облыстық қаржы басқармасы бағдарлама әкімгерінің сұранысы негізінде бюджеттік есеп-шоттан, қазынашылық басқармадағы бағдарлама әкімгерінің есеп-шотына тиісті қарыз сомасын аударады, бұдан соң қаржыны бағдарлама әкімгері банк-заемшының есеп-шотына аударады.

27. Несиелік келісім шартта міндетті түрде мыналардың ескерілуі тиіс:

- 1) несие берудің нысандары;
- 2) берілетін несие сомасы;
- 3) несие берудің мерзімдері;
- 4) несие беру мен оның өтемі жөніндегі басқа шарттар мен міндеттемелер;
- 5) несиенің қайтарылуын қамтамасыз ету жолдары;
- 6) банк-заемшының түпкі заемшыны несиелеу шарттары;
- 7) сыйақы мөлшерлемесі және оны есептеу тәртібі;
- 8) тараптар құқықтары мен міндеттері;
- 9) келісім шарт талаптары орындалмаған жағдайдағы ықпал-шаралар;
- 10) келіспеушілікті шешу тәртібі;
- 11) келісім шарттық қолданылу мерзімі;
- 12) бағдарлама әкімшісімен келісілген несиені өтеу кестесі.

Ескерту. Шешім 27-тармақпен толықтырылды - Атырау облысы әкімиятының 27.02.2004 N 20 шешімімен.

5. Банк-заемшының түпкі заемшыға бюджеттік несиелер беру тәртібі мен шарттары

28. Банк-заемшының түпкі заемшыға несие берушінің несие қорларынан бюджеттік несие беруі қолданылып жүрген заңнамаға, несие берушімен жасалған несие шарттарына және банк-заемшының ішкі несие саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

29. Банк-заемшы түпкі заемшылардың төлем қабілеттілігіне және бюджеттік несиені өтемеу тәуекелінің дәрежесіне, жобаның техникалық-экономикалық және қаржылық көрсеткіштеріне талдау жасайды, несиені өтеу көздерінің болуына және несиені өтеуді қамтамасыз етуге тексеру жүргізу жолымен түпкі заемшының несие ұсыныстарына сараптама жүргізеді.

30. Несиe ұсыныстарын сараптау нәтижелерінің негізінде банк-заемшы бағдарлама әкімгерінің келісімі бойынша түпкі заемшыларды несиелендіру туралы шешім қабылдайды, олармен несиелік шарттар мен бюджеттік несиелерге байланысты басқа да құжаттар жасасады.

31. Банк-заемшы мен ақырғы заемшылар арасындағы кредиттік келісім-шарттар және кепілдік келісім шарттар банк-заемшының оң қорытындысынан кейін үш күн ішінде жасалынады.

Кепілдік келісім-шарт жасалған соң банк-заемшы кепілдік мүлікті жылжымайтын және жылжитын мүліктің тіркелуін жүзеге асыратын органдарда тіркеуден өткізеді.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімиятының 27.02.2004 N 20 шешімімен.

32. Несиe шарттарын және оларға байланысты құжаттарды жасасқаннан кейін банк-заемшы түпкі заемшының атына несиe шарттарына сәйкес бюджеттік несиелер сомасы есепке алынатын қарыз шоттарын ашады. Көрсетілген шоттан түпкі заемшының есеп шотына ақша аудару не оның төлем құжаттарын төлеу жолымен несиe беру жүргізіледі.

33. Банк-заемшы түпкі заемшыға несиe ресурстарын береді:

1) кредитті банк-заемшы және түпкі заемшымен жасалған кредиттік келісім шартта көрсетілген жеңілдетілген (каникулдың) кезеңі өткеннен кейін тоқсан сайын тең үлесте өтеуі шартымен. Сонымен қатар жеңілдетілген кезеңнің ұзақтығы кредит мерзімі ұзақтығының 1/3 (үштен бірінен) аспауы тиіс;

2) Қолданып жүрген Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес кепілдікпен қамтамасыз етілгенде.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімиятының 27.02.2004 N 20 шешімімен.

34. Несиe алушының жылжымайтын жеке және айналымдағы мүліктері, (

тұрғын үйлер, сақтандырылған ауыл шаруашылығы малдары, жарамды ауыл шаруашылығы техникасы, байқаудан өткен жарамды жағдайдағы автокөлік құралдары) сақтандырылған болашақта алынатын өнімдермен егістік жерлер кепілдік мүлкі бола алады.

35. Несие беру сәтіндегі кепілдік мүліктің құны несие сомасынан кем дегенде 1,5 есе артық болуға тиіс.

36. Бюджеттік несиені алушы түпкі заемшылар облыста жұмыссыздық және кедейлікпен белсенді күресу нысандарын жүзеге асыру мақсатында тіркелген жұмыссыздар қатарынан қызметкерлерді жалға алуды несие өтінімінде көздеуге міндетті. Аталған тармақтың орындалуын бақылау бағдарлама әкімгеріне, аудандар мен қала әкімдеріне жүктеледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімиятының 27.02.2004 N 20 шешімімен.

6. Жобаларды қабылдау, қарау, құптау және несие ресурстарын бөлу тәртібі

37. Аудандар (қала) әкімдері ауыл шаруашылығы субъектілерімен тиісті комиссияларға ұсынған бизнес-жоспарларын қарап, комиссияның оң қорытындысын алып, іріктелген бизнес-жоспарды аудан (қала) әкімі қол қойған қолдау хат пен салалық қорытынды қоса бағдарлама әкімшісіне қарауға жібереді.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімиятының 27.02.2004 N 20 шешімімен.

38. Жеңілдетілген кредиттеуге рұқсат алу үшін ауыл шаруашылығы субъектілері аудандық (қалалық) әкімиятының комиссиясына мынадай құжаттар тапсырады :

1. Кредит беру туралы арыз;
2. Бизнес - жоспар;
3. Кепілдік мүліктің баршылығы және оның жағдайы туралы анықтама.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімиятының 27.02.2004 N 20 шешімімен.

39. Бюджеттік несие алу үшін ауыл шаруашылығы субъектілері банк-заемшыға төмендегі құжат пакеттерін тапсырады:

- 1) бизнес - жоспар;
- 2) бағдарлама әкімгерінің сараптамалық қорытындысы;
- 3) салық органынан бюджетке салық және басқада төлемдер үшін бережақтары жоқтығы туралы анықтама;
- 4) несиелендіруге қызмет көрсететін банктен және бюджеттік қаражатпен байланысты басқа да ұйымдардан несиелік бережақтары жоқтығы туралы

а н ы қ т а м а ;

5) "Атырау облысы бойынша жылжымайтын мүлік орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнынан берілген кепілдік мүліктің бағалау акті.

40. Аудан (қала) әкімияттарынан келіп түскен бизнес-жоспарлар мен оған қоса берілген құжаттама бағдарлама әкімшісімен түскен күннен бастап бес күн мерзімінде қаралады, олар оң баға алған кезде салалық тұжырымдамамен қоса банк-заемшыға беріледі. Банк-заемшы, өз кезеңінде, бағдарлама әкімшісінен материалдарды алғаннан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде ұсынылған бизнес-жоспарларды кредиттеу немесе бас тарту жөнінде шешім қабылдауға және бағдарлама әкімшісіне, сонымен қатар, несие сұраушыға қорытындысын х а б а р л а у ғ а т и і с т і . < * >

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімиятының 27.02.2004 N 20 шешімімен.

41. Банк-заемшы кредит беру туралы шешім қабылдағаннан кейін оларды қаржыландыру үшін банк-заемшы кредиттеу комитетінің оң бағасын алған бизнес-жоспарлар тізімін бағдарлама әкімшісіне ұсынуға міндетті.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімиятының 27.02.2004 N 20 шешімімен.

42. Тиісті жылдың 15 қарашасына дейін игеру мерзімімен әр аудан үшін бюджеттік қаржының лимиті белгіленеді. Қала және аудан әкімияттарының бағдарлама әкімгеріне ұсынатын бизнес-жобасы осы Ереженің 5 тармағында анықталған ауыл шаруашылығын дамытудың басым бағыттарына сәйкес болуға т и і с т і .

43. Жекелеген жобалар (бизнес-жоспарлар) конкурстық іріктеуден өтпеген және жекеленген аудандарға бөлінген несие лимитінің тиісті 2002 жылдың 1 желтоқсанына дейінгі мерзімде игерілмеген жағдайда, лимиттің қалдық мөлшері бағдарлама әкімгерімен қосымша жобалар тапсырған басқа аудандарға немесе қалаға бөлініп беруге жатады.

7. Бюджеттік несиені өтеудің және оған қызмет көрсетудің тәртібі

44. Негізгі борышты өтеу және есептелген сыйақыны төлеу заемшы тарапынан жасалған несие шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте төлемдердің мынадай кезеңі белгіленеді:

1) есептелген айыппұлдар мен өсімақылар;

2) есептелген сыйақы;

3) негізгі борышты өтеу.

45. Банк-заемшы несиелік келісімнің шарттарын бұзған жағдайда, сонымен қатар бағдарлама әкімгерінің ұсынысы бойынша банк-заемшы несие

келісіміндегі бекітілген мерзімде бюджет қаржысын игермеген жағдайда, несие беруші несиелік шартты мерзімінен тыс бұзуға және есептелген сыйақылармен және айыппұлдармен бірге несиенің іс жүзінде ұсынылатын сомасын қайтаруға қ ұ қ ы л ы .

46. Несиелік шартын бұзбаған жағдайда бюджеттік несиенің мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған кезде несие беруші несиелік шартта айтылған мөлшерде айыппұл сала отырып несиенің заңсыз пайдаланылған сомасын қарызгерден өндіріп алуға құқылы.

47. Заемшы несиелік келісімде белгіленген мерзімде негізгі борышты өтемеген немесе бюджеттік несие бойынша сыйақыны төлемеген жағдайда жинақталған берешектерге несие келісімінде ескертілген айыппұл пайызы е с е п т е л е д і .

48. Заемшы бюджеттік несие бойынша берешектер пайда болған және оны несие келісім шарттарымен анықталған мерзім ішінде өтелмеген жағдайда не банк-заемшы (түпкі заемшы жағдайында) берешектерді қайтаруды қамтамасыз ететін мынадай шаралар қолданады:

1) заңдарда белгіленген тәртіппен гарантқа заемшының берешектерін өтеудегі міндеттемелерін орындауы туралы құжаттарды жіберу;

2) қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес кепіл туралы шарт негізінде заемшының кепілдікке салған мүлкін сату;

3) заемшының талаптарын несие берушінің немесе банк-заемшының пайдасына кеңшілік еткен өтеу талаптарын басқа тұлғаға төлеуге ұсыну;

4) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы "Банкроттық туралы" Заңына сәйкес соттың заемшыны банкрот деп жариялауға дейін сот тәртібінде өндіріп алуды жүзеге асыру шараларын қолданады.

49. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен берілген несие банк-заемшы жергілікті бюджетке негізгі борыштық сомасын қайтарған және сыйақылар мен айыппұлдарды қоса алғанда осы несиелерге байланысты басқа ілеспе төлемдерді толық көлемде төленген жағдайда өтелген болып есептеледі.

50. Жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен берілген несиені қайта құрудағы өзгерістер:

1) сыйақы ставкалары;

2) несиені өтеудің немесе кезекті төлемнің мерзімі;

3) несие валютасы облыс әкімиятының қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Бұл орайда, несие валютасы, несиені өтеудің немесе кезекті төлемнің мерзімін, сондай-ақ сыйақылардың ставкасын өзгерту тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы Мәслихат шешімімен бекітілген бюджеттің кіріс бөлігінің мөлшеріне ықпал етпеуі тиіс.

8. Бюджеттік несиелерді есепке алу және оны бақылау

51. Несие беруші және бағдарлама әкімгері бюджеттік несиелердің мақсатты пайдалануына, уақытылы қайтарылуына және несиелік келісім-шарттардың талабының орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

52. Сондай-ақ, қала және аудандар әкімдері де, бюджеттік несиелердің мақсатты пайдалануына және уақытылы қайтарылуына бақылауды жүзеге асырады.

53. Несие беруші бюджеттік қаржыларды банк-заемшыға бөлуді бағдарлама әкімгері арқылы жүзеге асырады. Егер несиелік ресурстар ретінде қаржыландырылатын бюджеттік қаржыларды банк-заемшы, тиісті банктік операциялардан кейін, 15 күн ішінде игермеген жағдайда, ол қаржы қаржыландыру лимитін қалпына келтіруге несие берушіге кері қайтарылуға жатады.

54. - алынып тасталды - Атырау облысы әкімиятының 27.02.2004 N 20 шешімімен.

55. Несие беру шартында (келісінде) бөлінген несиелік қаржыны түпкі заемшылар уақытында алмаған жағдайда, банк-заемшыға жауапкершілік жүктелетіні анықталуы тиіс.

56. Несие беруші және банк-заемшының өзара жасасқан келісім шартына сәйкес белгіленген көлемде және тәртіппен бюджеттік қаржыларды игеру жөніндегі есеп берілуі қамтамасыз етіледі.

57. Бағдарлама әкімгері бақылау мақсатында банк-заемшыдағы бюджеттік несиелерге байланысты қажетті ақпарат талап етуге құқылы.

58. Несие беруші бақылау мақсатында бағдарлама әкімгері мен банк-заемшыдан бюджеттік несиелерге байланысты қажетті ақпарат талап етуге құқылы.

59. Жергілікті бюджеттерден берілген барлық бюджеттік несиелер Қазақстан Республикасының қаржы Министрлігі белгіленген нысандар бойынша және мерзімдерде бағдарлама әкімгерінің бюджеттік несиелерді іс жүзінде беру, оларға қызмет көрсету және өтеу туралы тұрақты есептестік негізінде орталықтандырылған есепке алуына жатады.